

ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНДЕГІ ТАРИХИ ҚЫЗМЕТІ

Абдикаримов Р.Т.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, профессор Сайлаубай Е.Е.

Астана халықаралық университеті

abdikarimovramazan7@gmail.com

Астана қ.

Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ХХ ғасырдың бас кезіндегі тарихи қызметінің бір арнасы ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруға арналды. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі ұлт зиялыларының ең басты арман-тілегі қайтсем ұлтымды білім нәрімен сусындатам, қалай ғылым мен мәдениет жолына түсірем деген арналарға тоғысып жатқан.

Сол тарихи кезеңде мәдени-ағарту саласында ұлт зиялылары оқу-білімнің пайдалылығын насихаттап қана қоймай, нақты іс-шараларды жүзеге асырды. Қоғамның рухани негізі ретінде ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруда зиялы қауым ұйымдастырушылық, педагогикалық-шығармашылық қызметтерімен де белсенділік танытты. Және де ұлттық мектептер аша отырып мәдени-ағартушылық мақсаттарын идеологиялық бағытпен сабақтастырды. Қазақ зиялыларының ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы ең негізгі міндеті халықтың сауатын ашу, халықты ілім-білім, мәдениет жолына түсіру болса, екінші бір маңызды міндеті - ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, ұлттық намыстың дәнін себу болды. Бұл турада «Сарыарқа» газеті Алаш қаласында мұғалімдік курстың ашылуына орай: «...сәті болып, қазақтың қазақтығын - жұрттығын сақтайтын іс басталды» деп жазса, оны ашудағы мақсат «...қазақ оқытушыларын шығарып, елге таратып, ұлттық, жұрттық намыстарының тұқымын жас қазақ балаларының жүрегіне егу» болғандығын атап көрсетеді [243;63].

Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру жұмыстары зиялылардың тарапынан саналы түрде жүргізіле басталды. Себебі, бұрын қажылар, молдалар, ауқатты адамдар мектеп ашып, бала оқытқанда өз беттерінше оқу үрдісін жүргізген болатын. Әрине, бұл жағдай отарлық жүйенің қысымымен түсіндіріледі. Ал Ақпан революциясынан соң білім берудің бағыты мен міндеттері қазақ съездерінде халықтың талқысына ұсынылып, кеңесіп, ақылдасқан соң ғана негізделген болатын. Жалпы Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде, сондай-ақ Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Семейде ұлттық білім беру жүйесінің негізі оңайлықпен қаланып, құрыла қалмағанын айқын аңғарамыз. Мәселен, 1917 жылы 27 сәуірден 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезінде білім берудің жұрт үшін маңыздылығын атап көрсете отырып, төмендегідей мазмұнда қаулылар қабылдаған:

1. Жалпыға бірдей міндетті тегін оқу.
2. Қоғамдық мектептердің бәрінде оқу тек ана тілінде жүруі тиіс.
3. Мектептерді халыққа жақындастыру шараларын жүргізу.
4. Мектептер Земство және мемлекеттік қаржыға ұсталуы тиіс және жергілікті басқару органдарының қарамағында болады.
5. 1917-1978 ж. оқ жылының алдында қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлау үшін педагогикалық курстар ашу қажет [268;133].

Сонымен бірге, қазақ зиялыларын топтастырған «Алаш» партиясының қоғам мен мемлекеттің барлық саласына байланысты нақты айқындамасы мен бағдарламасы болғаны белгілі. Соның ішінде, тікелей білім беру саласы бойынша 1917 жылы шілдедегі

I жалпықазақ съезінде тұсауы кесілген «Алаш» партиясының бағдарлама жобасындағы

IX бапта мына жолды ұсынған: «Ғылым мен білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге болса да ашық һәм ақысыз болу; Жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде оқуды ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішіне кітапханалар ашылу» [74;14]. Алашшыл зиялылардың оқу ісіне байланысты айқындалған бағдарламасының мәніне зер салсақ, ұлттық-рухани құндылық пен демократиялық принципке негізделген әлемдік өркениет жолын таңдағанын білдіреді. Ал II жалпықазақ съезінде (1917 ж. 5-13 желтоқсан) мектеп ұйымдастыру комиссиясына Ахмет Байтұрсынұлы (төраға), Телжан Шонанов, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биахмет Сәрсенев сынды педагогтар енген болатын [241;32]. Осылайша ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудың негізгі міндеттері мен идеологиялық бағыты белгіленген соң ұлт зиялылары әр аймақта нақты іс-шараларды жүзеге асыра бастады. Сол сынаптай толқыған заманда, яғни, үкімет билігінің алма-кезек ауысып, саясат райының жиі өзгеруіне қарамастан ұлт зиялылары жоғарыда анықталған принциптік бағытын өзгерткен жоқ. Қай кезеңде болмасын білім беру жүйесінің ұлттық

сипатын дінгек етіп ұстанды. Алайда қабылданған қаулы-қарарларды жүзеге асыруда зиялылар көптеген кедергілер мен қиындықтарға тап болды.

Сол тарихи кезеңде оқу ісін дамыту мәселесімен көп айналысқан семинарист Мұхтар Әуезов білім беру ісін ілгерілетуге қолбайлау болып отырған негізі кедергілерді былайша айқындап берген: «...ұлт мектебін ашуға қазірде біздің алдымызда қиын асудай үш түрлі кедергі тұр. Бірі: бастауыш мектептің бәріне мұғалім жоқтығы; екіншісі: оқу құралдарының жоқтығы; үшіншісі: ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақытта бола алмайтындығы» [73,83], - деп жазды. Бұл атап көрсетілген кедергілер мен қиындықтардың болуы заңды болып табылады. Себебі, қазақ халқы отарлық жүйеде рухани қысымшылықтың зор биігін көргендіктен қоғамның рухани-мәдени саласы дағдарыс жағдайында болды.

Енді осы қиыншылықтардың шешімін тапқызу жолында жекелеген аймақтарда қандай жұмыстар атқарылды. Соған тоқталатын болсақ, зиялы қауым алдымен Семейде оқытушылар ұйымын құра отырып, (1917 жылы жазда) бастауыш мектептер жүйесін қалыптастыру үшін мұғалім кадрларын даярлау ісін қолға алды. Оқытушылар ұйымының төрағасы - Манан Тұрғанбаев, хатшысы - Мұхтар Әуезов болған. Бұл ұйым өз кезегінде ұлт мектептері үшін «Бастауыш мектептегі оқу бағдарламасын» әзірлеп таратады. Жалпы оқытушылар ұйымы ұлттық педагогикалық кадрларды даярлау, қазақ мектептерін ашу, олардың жұмыстарына басшылық жасау, тағы сол сияқты маңызды мәселелерді көтеріп, үнемі қозғау салып отырды. Сол мақсатқа орай әрбір облыстар мен уездерде 2 айлық жедел және 2 жылдық мұғалімдер даярлайтын курстар ашылды. Ең алғаш педагогикалық курс облыстық съезд қаулыларына сәйкес Алаш қаласында 1917ж. күзде ашылған.

Қазақ халқы үшін бұл елеулі оқиға туралы «Сарыарқа» газеті былай деп жазады: «Алаш қаласында обласной қазақ комитеті тарапынан ... қазақтың бастауыш мектептеріне оқытушы даярлап шығаратын курс ашылды. Курстың өз мұғалімі үшеу; әуелгі мектебінің біреу; 7 - октябрьден бері оқуы басталды. Курстың бірінші бөліміне 15, екінші бөліміне 15, әуелгі мектебіне 520 шамалы шәкірт кірді». Аталған курстың алғашқы жетекшісі болып Бидахмет Сәрсенов (Семей мұғалімдер Семинариясын 1909 жылы бітірген) тағайындалған, кейін курсқа М. Тұрғанбаев (Бістанбұл Университетін тамамдаған) жетекшілік жасады, ал алғашқы оқытушылары ретінде М. Тұрғанбаев, Сейітбаттал Мұстафин, Қаныш Сәтбаев білім береді. Болашақ әлемдік ғылымның жарық жұлдызы жас Қаныш Сәтбаев ең алғашқы педагогтық қадамын осы Алаш қаласындағы ұлт мектебіне мұғалімдер даярлайтын педагогикалық курста 1917-1918 оқу жылында қызметімен бастаған. 1918 жылы мамыр айында денсаулығына байланысты жұмыстан босатылады. Бұл курста Қ. Сәтбаев география, әлем тарихы, зоология, анатомия пәндерінен сабақ берген. [268; 133]

1918 жылдың 25 қарашасындағы Оқытушылар ұйымының білім беруге байланысты мәселелерді шешу мақсатында Семей уездік земство басармасына жолдаған № 221 қатынас қағазында: «Семей уездік Земстволық управаның председателінің өтініші негізінде, уездік халыққа білім беру кеңесіне қазақ мұғалімдер ұйымынан үш өкіл барады. Олар: Манан Тұрғанбаев, Қаныш Сәтбаев және Сейітбаттал Мұстафин» дейді. Осы қатынас қағазға «Одақ председателі» деп Сейітбаттал Мұстафин, «секретарі» деп Қаныш Сәтбаев қол қойған [269;84].

Ал 1918-1919 оқу жылында курста білім берген мұғалімдер: Абдолғазы Иманбеков, Ахметжан Күзембаев, С. Мұстафин, Ж. Аймауытов, Нығметолла Күзембаев, М. Тұрғанбаевтар болды [270;18]. Ахметжан мен Нығметолла Күзембаевтар зерттеші

Ғ. Ахмедовтың деректеріне қарағанда Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып білім алған. Медресенің «Ғалия» деп аталуы оның жоғарғы дәрежелі оқу орны болғандығын танытады. «Ғалия» арапша «жоғары», «ұлы» деген мағынаны білдіреді. Мұнда дін сабақтарымен қатар, математика, химия, физика, тарих, философия және басқа да пәндер оқытылған. Сондай-ақ ағайынды Күзембаевтар Павлодар уезінде оқу ісінің ілгерілеуіне белсене қызмет еткен адамдар болатын. Ал Ж. Аймауытов сол уақытта Семей Мұғалімдер Семинариясының 4-класында оқып жүрген. Ол 1919 жылдың 30 мамырында Семей мұғалім семинариясын толық бітіріп, уездік Земстволық Управаның халыққа білім беру бөлімшесінде меңгерушінің көмекшісі немесе инструктор болып қызмет жасауға ықылас білдіреді. Осы жылдың 2-маусымында жұмысқа қабылданады [271;684].

Ж. Аймауытов замандасы М. Әуезовпен бірге шығарысқан «Абай» журналының 1918 жылы 11-санында жарияланған «Оқу ісі» атты мақаласында қараңғылықтың құшағында қалған туған халқын мәдениетке, елдікке жетелеудің үлкен бір жолы - оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қоюды, бұл үшін бірінші мақсатта ана тіліндегі ұлт мектептерін ашуды көбейту қажеттігін тілге тиек етіп, мұғалім кадрларының тапшылығын, оқу құралдарының жеткіліксіздігін сөз қылады, бұл істерде дұрыс жолға қоюдың бірінші кезектегі міндеттеріне тоқталып, өз ұсыныстарын айтады [272;44].

Курстағы оқытушылардың білім алған ортасына қарағанда сол заманның талабына сай деңгейде болғандығына көз жеткіземіз және зайырлы оқу мен мұсылмандық білімді бір дәрежеге қоя

отырып, шығыстық және еуропалық өркениеттің білім беру үлгілерінің синтезін алған. 1918-1919 оқу жылында курста барлығы 40 оқушы оқып (I курста 21, II курста 19 оқушы), 18 оқушы бастауыш мектеп мұғалімі деген куәлік алып, бітіріп шыққан. Сонымен бірге курстың жанынан қысқа мерзімде жазғы педагогикалық курс жұмыс істеген. Осы аталған курстарды тамамдаған, куәлік алып шыққан шәкірттерді мектептерге бөліп жұмысқа орналастыру ісі де жолға қойылған. Мысалға, Семей Уездік Земство басқармасының 1918 жылғы 30 қазандағы отырысында халыққа білім беру бөлімі Алаш қаласындағы ұлттық педагогикалық курсты тамамдаған Т.Иманқұловты 1918 жылдың 20 қазанынан бастап Көкен халық мектебіне мұғалім етіп тағайындаса, осы аталған курсты бітірген І. Ахметовты 1 қарашадан бастап уақытша Шыңғыстағы халық мектебіне мұғалім етіп тағайындаған [273;73]. Бұл деректерден қазақ ауылдарындағы бастауыш мектеп мұғалімдеріне деген мұқтаждықты осындай тәртіппен шешуге тырысқандығын көреміз.

Ал жекелеген уездерде, ауылдарда бастауыш ұлт мектептерін ашу ісінде қандай іс-шаралар жүргізілді, енді соған тоқталайық. Зайсан уезінің қазақтарының 7-11 қыркүйектегі (1917 ж.) болып өткен съезінде «Қазақ халқын оқытып, саяси тәрбие беру туралы» төмендегідей қаулылар қабылдаған: 1. «10 болыс Зайсан қазағы халықты ағартып, ілгері бастыру жолында мақсаты бар Зайсандағы «Қазақ жәрдемі» қауымына қосылсын. Мектеп ісінің кіндігі осы қауым болсын» - деп, білім беру ісін бір тәртіппен жүргізуді талап еткен. 2. «Бастауыш мектепте бала оқытатын жаңа жолмен таныс мұғалім жоқтықтан Семейде ашылатын мұғалімдік курсына әр волостан екі кісі жіберілсін.

...Мұғалімдер оқу бітірген соң жіберген елінде екі жылдан қызмет қылуға міндетті болсын» - деп, кадр мәселесін шешудің жолын көрсетіп, берген және де қыз балалардың оқу оқуына көңіл бөліп: «Зайсандағы қыздар мектебіне әр болыс жыл сайын екі қыздан оқытамын десе өзі білсін» делінген. Ал Баянауылда «Барша мектептерді басқарып, мұғалімдерді сынап қою, оқу программасын жасау үшін «Ғылым» ұйымы атынан Баянауылда оқу комиссиясы ашылып, «Комиссия істеген жұмыстарының есебін Павлодардағы «Ғылым» ұйымына білдіріп отыруға міндетті болды». Бұл комиссия құрамына Ғабдолла Лекеров, Ахметжан Күзембаев, Әбікей Сәтбаев сынды беделді мұғалімдер енген. Осындай оқу ісі сияқты пайдалы істерге қаржыны жергілікті жерлерде тек қазына мен земстводан ғана алған жоқ. Сонымен бірге басқа да қаражат көздері арқылы дамытуды, ілгері бастыруды жол деп тапқан. Мысалы, Павлодар уезінің молла-мұғалім сиезінде «халыққа пайдасыз орындарға тарап жүрген зекет, ұшыр, пітір, нзір, кфарт, үсет һәм фидие сияқты садақаларды мектеп-медресе сықылды ғылым жолына ұстамақтың шаригатта дұрыс екеніне фәтуа бердік» десе, Зайсан уезінің қазақ съезінде де «Халықты ағарту жолына салық алу туралы» қаулысында: «Дін бұйыратын әр түрлі садақалар оқу һәм басқа жақсылық жолдарына ұсталуға берілсін» дейді [243;79]. Бұл деректеме қарағанда оқу ісін ілгерілету мақсатында жергілікті жерлерде әр бір уезд ішкі мүмкіндіктеріне орай, әрі жүйелі түрде өздері әртүрлі жолдармен шешіп отырған.

Жер жерлерде осындай ұлт мектептері ашылып, жас ұрпаққа білім беру, ұлттық тәрбие беру жұмыстары жүргізіле бастаған соң, оқу жүйесін ретке келтіру мақсатында Семейдегі оқытушылар ұйымы ұлт мектептері үшін «Бастауыш мектептегі оқу программасын» жасап, оны қолдану үшін газет бетінде жариялап таратады. Бес жылдық бастауыш мектеп бағдарламасының негізгі мәні мына мазмұнға сайып келеді:

1. Бастауыш мектепте сабақ атаулы қазақ тілінде оқылады.
2. Орыс тілі төртінші бөлімнен басталып, кірме тіл есебінде оқытылады.
3. Бес жылдың әр жылында иман, ғибадат, дін сабақтары, Құран-әл-Кәрім, Ислам тарихы бойынша сабақ жүргізу міндетті болған.

Бастауыш мектеп үшін жасалған бағдарламаның мазмұнынан-ақ, оның шын мәнінде ұлт мектебіне сәйкестендіріп, жасалуы, ұлт зиялыларының жас ұрпақты тәрбиелеудің мәйегі ретінде иман, ғибадат, ислам дінін алуы және ұлттың рухани құндылықтарын негізге ала отырып, осы бағыт бойынша жүргізуі бүгінгі таңдағы қазақ мектептері үшін де өте құнды үлгі болып табылады. Бұл турада Мағжан Жұмабаев сол тарихи кезеңде қазақ ұлтының болашағының іргетасы ұлт мектебі арқылы қаланатынын былайша негіздейді: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізге құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт».[275;318]. М. Жұмабаевтың бұл ойының негізсіз болмағандығын бүгінгі тарих тәжірибесі көрсетіп отыр.

Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру бағытында ұлт зиялылары сауатсыздыққа қарсы күресті ұйымдастыра отырып, жасы ұлғайғандар мен қыз балалардың да оқып білім алуын назардан тыс қалдырмаған. Алайда, қыз балаларды оқыту мәселесін жолға қоюда қазақ қоғамындағы патриархалдық психология есебінен әр түрлі кедергілерге тап болып отырған. Бұл турада Мәннан Тұрғанбаев: «Әйелдеріміздің надандығына кінә қоймай, әйелдің қамын жеп, көзін ашқалы Алаш

қаласындағы қазақ Оқытушыларының ұйымы әйелдерге арнап курс ашты. Ай жарым бұрын газета жүзінде жария қылды. Курске келуші болмаған соң дайындалған курс ашылмай қалды» - деп, оның себебін былайша түсіндіреді: «оқығысы келетін әйел балалар бар, оқытпай қисық оймен қыңыр айтып отырған әке-шешелері, ... баласына жаны ашыған мейірімді ата-аналар әйел балаларын оқыту керек». Ал М. Әуезов «Адамдық негізі - әйел» атты мақаласында адамзат әлеміндегі әйел затының орнына тарихи - философиялық талдау жасай келе: « ... әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды! Ал қазақ мешел болып қалам демесең тағылымыңды, бесіңді түзе! Оны түзейім десең әйелдің халің түзе» - дейді. Сондай-ақ М. Әуезов даярланып отырған мұғалімдердің білім сапасының жоғары болу қажеттілігін талап ете отырып, курс бітірушілер жайынан былай деп жазады: «Осы шығарып отырған мұғалімдеріміз қандай? Бұлардың жартысы 2-3 айлық, жартысы 1-2 жылдық курстарды бітіріп мұғалім болады... барлық керекті пәндерден өзі біреуді оқытатындай білім алуға бола ма? Бұл мұғалімнің алдынан шыққан шәкірт ұлт мектебінен шыққан, ұлт мақсатымен өскен, жақсы тәрбие алған бала болып табыла ма?» - деп, білім сапасын жетілдіру оқу ісін ілгерілетудің мына жолын ұсынады: «Оқу ісіне менің ұсынатын жобам: бірінші, жалпы қазақ-қырғыз сиезі сайлап шығарған Алашорданың бөліміндегі бес кісілік оқу комиссиясы тез уақытта іске кірісіп, барлық бастауыш мектептерге һәм курстарға белгілі бір-ақ түрлі программа жасап, оқу құралдарын толықтыру керек. Оқу құралын толықтыру үшін арнаулы бір комиссия жасап, кітап перевод қылуға отырғызу керек. Бұдан соң саясат ісінде жүрген Семинария бітірген учительдердің бәрін жиып, өзінің түбегейлі пайдалы жұмысы оқытушылыққа белгілеу керек. Учительский институттарға шәкірттер жіберу керек. Екінші, жазды күні сабақтан босаған уақытта барлық қазақ ішіндегі мұсылманша оқыған мұғалімдерге жоғары курс ашу керек. Бұл курстағы сабақ лекционный жоғары дәрежелі мектептер сабағынша болу керек. Курста оқытылатын сабақ тәрбие ғылымдары, земство кооператив һәм басқа халыққа пайдалы шаруа ұйымдарын жүргізу...». Сондай-ақ Семей облыстық Земство жиылысының 1918 жылы 17-қазандағы II кезектен тыс отырысында Имам Әлімбаев оқу орындарына стипендия тағайындаған уақытта сол оқу орны шәкіртке сапалы білім бере ала ма, жоқ па, осы мәселені біліп барып қана тағайындау қажеттілігін ескертеді [247;69]. Қазақ зиялылары тарапынан айтылған сындар атқарылған істерді жоққа шығарғандық деп емес, керісінше олардың жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне, яғни, ұлттың, мемлекеттің болашағы-жас жеткіншектердің қамы үшін айтылған жанайқайы деп түсінген жөн. Сонымен бірге, қоғамдық сынның өсуі білім беру ісінің ілгерілеп дамуына шешуші ықпал еткен фактор болғанын естен шығармауымыз керек.

1919 жылы желтоқсан айында Семейде Кеңес өкіметі орнап, Семей губерниялық революциялық комитеті құрылғанда Мұхтар Әуезов осы комитеттің қазақ бөліміне басшылық жасады. Сол уақыттан бастап М. Әуезовтың басшылығымен Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, Ыдырыс Мұстанбаев және тағы басқа қазақ зиялылары ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалауға кірісті. М. Әуезовтан кейін 1921 жылы Семей губерниялық атқару комитетінің халыққа білім беру бөлімінің бастығы Жүсіпбек Аймауытов, ал оның орынбасары болып Қаныш Сәтбаев қызмет атқарды. Мұхтар Әуезов айтқандай, ұлттық педагог кадрлардың жетіспеушілігіне бастауыш қазақ мектептері мен оқу құралдарының жоқтығына қарамастан бұл күрделі мәселелерді асқан қажырлықпен шеше білді. 1920 жылдың 1-қазанында Семейде тұңғыш педагогикалық жоғары оқу орны Семей халыққа білім беру институты ашылып, жұмыс істей бастады. 1921 жылы онда 19 қызметкер, 129 тыңдаушы болды. Осы жылы ақпан айында мұнда бастауыш қазақ мектептерінің мұғалімдерін даярлайтын арнайы бөлімше ашылды [259;85]. Семей губерниялық халыққа білім беру бөлімінің 1921 жылдың 1-мамырындағы I және II сатылы мектептер, олардағы оқытушылар мен оқушылар саны туралы мәліметінде Семей қаласында жалпы 23 мектеп, 64 мұғалім және 1599 оқушы, ал Семей уезінде 63 мектеп, 77 мұғалім және 2234 оқушы барлығы айтылады [277;24].

1923-1924 оқу жылында Семей уезінде, соның ішінде Семей қаласында қазақ мектептерінің саны айтарлықтай өсті. Мысалы, Семей және Алаш қалаларындағы №8 қазақ мектебінде Нұрахман Тұрғанбаев меңгеруші болып істесе, Өзбекхан Оразханов, Сүлеймен Құжабаев, Елена Бродская сабақ берді. Сол сияқты №10 қазақ мектебінің меңгерушісі Айтмұхамед Мусин, мұғалімдері Абзал және Тайба Жиенғалиевтер, Лакиза, №11 қазақ мектебінің меңгерушісі Кәбір Махмұдов, мұғалімдері Ибрагим Сақатаев, Ғани Бұхараев, №12 қазақ мектебінің меңгерушісі Хайролла Ибрагимов, мұғалімдері Оразбибі Махмұдова, Ғалиакбар Төребаев, Ғали Бұхараев, №13 қазақ мектебінің меңгерушісі Дүйсенбай Иманқұлов болды. Осындағы №11 және 12, 13-ші бастауыш қазақ мектептері Семейдің Алаш қаласы бөлігінде жұмыс істеді. Ал Семей уезі бойынша негізінен қазақтар басым тұратын 16 болыс елдің 29 бастауыш қазақ мектебінде, орыстардың үлес салмағы көбірек болып келген 22 болыс елдің 58 бастауыш орыс мектебінде бала оқытылды [278;21].

Жалпы жергілікті өңірлердегі сауатсыздықты жою мақсатында жасаған іс-шараларды Семей саяси-ағартушылық бөлімшесінің 1924-1925 жылғы есебінің қорытындыларынан көруге болады. Бұл жылдары 77 сауатсыздықты жою пункттері ашылып, оның 42-сі қыс айында, 35-сі жаз айларында жұмыс істеген. Қазақ тілінде оқытатын тәжірибелі мұғалімдердің саны аз болғандықтан, Қазақ педагогикалық техникумдарының 3 курс машықкерлерін қызметке араластырып отырған. Бұл көп жағдайда машықкерлердің тәжірибесіздігінен білім сапасының төмендеуіне қатты әсер етіп отырды. Уездік халыққа білім беру бөлімшесінің меңгерушісінің орынбасары Алдоңғаровтың 1925-1926 жылғы есебі бойынша, Сейфуллин болыстығында 8 сауатсыздықты жою пункті, Бесқарағай - 7, Қызылтан - 13, Менден - 17, Достық - 21, Луначарская - 7, Краснооктябрьск - 6, Ленинск - 10, Александровская болыстығында - 1 жою пункті ашылған деп көрсетеді [279;35].

Қоғамның рухани негізі - ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру мақсатында Алаш қозғалысы мен Алаш Орда үкіметі қайраткерлерінің қажырлы еңбектерінің нәтижесінде ұлт мектебін дамытудың іргетасы қаланды. Осылайша қазақ зиялылары ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырғанымен оны өз дәрежесінде өрбітіп өркендетуіне кедергілер көп болды. Қазақ халқына білім берудің кеңестік үлгісі танылды. Бірақ та ұлт мектебін дамыту, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру жолындағы күрес мұнымен тоқтап қалған жоқ еді. Бұл мақсаттағы күрес жүргізудің аясы тарылғанымен, большевиктік жүйеге бейімделе отырып, мәдени - ағарту, педагогикалық - шығармашылық жұмыстарын ұлт - азаттық күрестің жаңа кезеңінде, Кеңестік билік кезеңінде де өз жалғасын тапты. Бұл күрес - Алаш қозғалысының заңды сабақтастығы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаяхметов. Н.У. Қазақстанның Солтүстік - Шығыс аймағындағы қазақ зиялыларының қос төңкеріс пен азаматтық қарсы тұру жылдарындағы қоғамдық - саяси қызметі. (Ақмола мен Семей облысының материалдары бойынша 1917 - 1920 ж). т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы. 2000. - 150 бет.
2. ҚР ОММ(Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві) 15 - қор, 2 - тізбе, 422 - іс, 133 - п.
3. Нұрпейісов. К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы: «Ататек», 1995. - 265 бет.
4. Алаш - Орда: Сборник документов / сост. Н. Мартыненко. - Алма - Ата: Малое Издательство «Айкап», 1992. - 192 с.
5. Қойгелдиев. М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. - 368 бет.
6. ҚР ОММ 15 - қор, 2 - тізбе, 422 - іс, 133 - п.
7. Мұратбек Кенемолдин. Алаш мектептері. // Абай. №4. 83 бет.
8. Абай облысы (АО) ҚЗТҚО 37 - қор, 1 - тізбе, 117 - іс, 18 - п.
9. АОМА (Абай облысы мемлекеттік архиві)37 - қор, 1-тізбе, 127 - іс, 684-п.
10. Умарова. Г.С. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Астана: Фолиант, 2007. - 244 б.
11. АОМА37 - қор, 1 - тізбе, 87 - іс, 73 -74 - п.
12. Шаяхметов. Н.У. Қазақстанның Солтүстік - Шығыс аймағындағы қазақ зиялыларының қос төңкеріс пен азаматтық қарсы тұру жылдарындағы қоғамдық - саяси қызметі. (Ақмола мен Семей облысының материалдары бойынша 1917 - 1920 ж). т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы. 2000. - 150 бет.
13. Жұмабаев. М., Шығармалар. - Т - III. - Алматы: «Білім», 1992. - 512 б. М.
14. АОМА415 - қор, 1 - тізбе, 4 - іс, 24 - п.
15. АОМА185 - қор, 1 - тізбе, 4 - іс, 21 - п.
16. АОМА 185 - қор, 1 - тізбе, 27 - іс, 21, 29, 35 - п.

ОРЫС САЯХАТШЫЛАРЫ МЕН ЭТНОГРАФТАРЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ КИІМ ҮЛГІЛЕРІ

Адилхан А.Г., Абылқасым Н.Ж., Күнту Н.Ш.

Ғылыми жетекші - т.ғ.к., қауым.профессоры Туякова А.Е.

Астана халықаралық университеті,

akerkeadilkhana@gmail.com

Астана.қ.

Қазақ халқының дәстүрлі киімдері - ұлттық мәдениеттің көрінісі ғана емес, халықтың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, эстетикалық талғамы мен дүниетанымын бейнелейтін бай